

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

- Динамические запросы
- Поддержка индексов
- Профилирование запросов
- Эффективное хранение двоичных данных больших объемов, например, фото и видео
- Журналирование операций, модифицирующих данные в базе данных
- Поддержка отказоустойчивости и масштабируемости: асинхронная репликация, набор реплик и распределения базы данных на узлы
- Может работать в соответствии с парадигмой MapReduce
- Полнотекстовый поиск, в том числе на русском языке, с поддержкой морфологии

Подобно другим документоориентированным СУБД, MongoDB не является реляционной СУБД. В СУБД: Нет такого понятия, как «транзакция». Атомарность гарантируется только на уровне целого документа, то есть частичного обновления документа произойти не может. Отсутствует понятие «изоляции». Любые данные, которые считываются одним клиентом, могут параллельно изменяться другим клиентом. [8].

На сегодня, программное обеспечение разработано и находится в режиме тестирования.

Конечно, оно тоже не лишено ряда недостатков. Но его мобильность, дешевизна, а после активного тестирования, актуальная доработка, сделают его востребованным.

Список использованных источников

1. Материалы информационного сайта издательства «Плеяды» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ru.osvita.ua/languages/5594/>
2. Сайт Busuu [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.busuu.com/enc/>
3. Сайт Lingualeo [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://lingualeo.com/ru>
4. Сайт Duolingo [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.duolingo.com/>
5. Сайт WordToMemory [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://w2mem.com/>
6. Материалы информационного сайта Википедия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Node.js>
7. Материалы информационного сайта Википедия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/AngularJS>

ЭОЖ 378.016.02:004.738

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ADOBE FLASH БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Нургалиева Нургуль Азаматқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің

4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Шындалиев Н.Т.

Бүгінгі таңда Қазақстан әлемнің білім деңгейіне жету қажеттілігі күннен күнге артып келе жатыр. Дүние жүзінің білім беру әдіс-тәсілдері инновациялық бағыттармен ауыстырылуы арқылы жалпы еліміздің білім деңгейін арттыру көзделген. Қазіргі заманауи әлемде біздің қоғамымыз білім берудің жаңаша ақпараттандыру және автоматтандырукезеңіне көшу үстінде. Яғни оқыту кезінде жаңа компьютерлік технологияларды кірістіріп, соған байланысты ақпараттық коммуникациялық технологияларды педагогиканың табиғи ортасына айналдыру. Қазіргі білімді әрі білікті ұрпақ үшін кітап қаншалықты қажет болса, жаңа компьютерлік технологиялар да со ғұрлым қажет деп санаймын. Солай болса, мектеп бағдарламасындағы барлықтай дерлік сабақтарды

компьютердің көмегімен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Білім беру саласында озық технологияларының енуі педагогтардың оқыту әдістемесін, оқыту стилін заманауи стильге өзгертеді. Сонымен қоса жаңа технологиялардың арқасында, оқушыларды сабаққа деген қызығушылықтары артып, ізденістері көбейеді. Оқытуда осындай жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдануда мұғалімде, оқушыда жетістікке жетіп, білімін арттыра түседі[1]. Сонымен, ақпараттық технологияларды сабақ үстінде қолданудың келесідей нәтижелерге жеткізеді:

1. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
2. Тіл байлығын дамытады;
3. Еркін ойлауға мүмкіндік береді;
4. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.
5. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.

Бүгінгі таңда оқытуда жаңа автоматтандырылған ақпараттық технологияларды қолдану үшін құрылған құралдар аз емес. Жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін Adobe Flash-тың жаңаша нұсқаларымен де жүзеге асыруға болады. Оны мультимедия саласына жатқызады. Себебі ол арқылы қолданушының қандайда бір қызмет аумағында болсын өзінің негізгі идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның мазмұны принциптер мен тәсілдер жүйесі және базалық ақпараттық элементтер: мәтін, графика, дыбыс және видеоақпараттардың комбинациясының символды- сандық түрде бейнелеуі. Ақпаратты бейнелеудің символды- сандық құралдары әрбір ақпараттың символының бейнелеуі параметрлік сандық принципке негізделеді. Ал дыбыс пен видеоақпараттарды компьютерде бейнелеу жаңа компьютерлік техникаларды талап еткендіктен оларды біз сандық технологиялар деп атаймыз. Мультимедияның авторлық жүйесі ретінде программалық өнімнің арнайы инструментальді құрал-жабдықтары жатады, олар болса мультимедиа-қосымшасын даярлау процесін автоматтандырады. Мультимедия бағдарламаларын қолдануының негізгі білім саласындағы аймақтары:

➤ Дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістерді қолданатын білім беру орталықтары, оның ішінде әртүрлі объектілерді ақпараттық модельдеу негізіндегі интерактивті әдістерді, физикалық, химиялық, әлеуметтік, экономикалық және басқа мазмұнды құбылыстардың процесін модельдеу;

➤ Өзін өзі оқыту – әртүрлі ғылыми облыстармен танысу, ғылыми журналдар, кітапханалар, энциклопедиялар мен телеконференцияның ақпараттың қолдану;

➤ Аудио және видеожазбалар, телебағдарламалар мен кинофильмдердің интерактивті түрде көру үшін арнайы аппаратураларды қолдану;

Adobe Flash арқылы сабаққа қажетті ақпараттарды ғана емес, сонымен қоса мультимедиялық ақпараттарды кіргізе аламыз. Және өзіміздің жоспарлап қойған жұмысымызды бұл бағдарламада жасай аламыз. Оған дәлел бағдарламада орнатылған құрал саймандар панелі, анимация жасау үшін кадралар панелі және гиперссылка арқылы жобаларымызды құрастырамыз. Flash – электронды мультимедиялық бағдарлама жасауға арналған. Бүгінгі күнде Flash растрлық, векторлық, 3D графикамен, аудио және видео ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді және осы айтылғандардың бәрінен анимациялық сахна қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қоса бұл программада көптеген интернет-жарнамалар, роликтер тағы басқа сондай сияқты ғаламтордағы үлкен сайттар жасалуда.

Flash – барлық күрделі интерактивті қосымшаларды жасаудың ең оңай тәсілдерінің бірі. Мультипликация, графика мен эффекттердің жоғары сапасы арқасында Flash-тегі оқулықтар, сайттар өте тартымды көрінеді. Қолайлы және әмбебап. Әрқашан флэш технологиясының басты артықшылығының бірі болған ол – ырғақты анимация. Флешті ғаламторда қолдану кезінде бәсекелес технология жоқ десекте болады. Егер сайтта «жанды сурет» алдын ала қарастырылған болса, яғни құстың ұшуы, жауынның жауы, мұхиттардың толқуы немесе басқа да қозғалыстардың болуы қажет болса да кезінде флэш

қолданылады[2].

Мен өзім бұл бағдарлама арқылы география пәнінен электрондық оқулық жасау үстіндемін. Себебі бұл бағдарламаның арқасында мен әлемнің жер қыртысын, материктер мен мұхиттардың бейнесін анимация арқылы жасап, оқушыларға қызықты етіп жеткізуге мүмкіндік береді, себебі құрастырылған анимациялардың арқасында оқушылар берілген тақырыпты тек теориясын ғана біліп қоймай, сонымен қатар ойша визуалды түрде елестете алады. Сабақ өту кезінде түрлі контурлық карталарды қағаз түрінде емес, электронды түрде көріп, сол бойынша тапсырмаларды орындайды.

Біздің мақаламызда біз флештің көмегімен әлемдегі мұхиттар мен материктерді қалай ажыратып білуге және оқушылар, осы тақырып бойынша білімдерін қалай бекіте алатындарын білеміз. Яғни жоба ішінде әр тақырып өткен сайын, оқушыларға тақырыпқа сәйкес тапсырмалар орындайды. Мысалы материктердің орналасуын дұрыс табу, әр материктің табиғаты, ауа райы қандай екенін теңестіру арқылы табулары қажет болады. Мұхиттардың түрлерін, судың құрамын, өткен заманмен қазіргі кездегі өзгерістерін, алмасу себептерін, осы материктер мен мұхиттардың ашылуына себепшіл географтар туралы көп әрі нақты ақпараттарды алып, білімдерін бекіте алады. Сонымен қоса мектеп бағдарламасында жоқ, бұл география пәніне қатысты қызықты ақпараттарды енгізу керек. Себебі оқушылардың ой өрісі тек мектеп бағдарламасымен шектеліп қалмай, жан-жақты дамыта білуіміз қажет.

Менін ойымша қазіргі таңда біз жаңа технологияларды толығымен қолданып жүрген жоқпыз, ол үшін көп еңбектеніп, оқу керек. Жалпы білімді ұрпақ өсіру бұл тек еліміздің талабы емес, бұл табиғи болатын дүние жүзінің талабы. Яғни біз заман талабына сай оқыту құралдарын жасау үстіндеміз. Басқада дамыған елдерден қалыспай, өз жаңаша идеяларымызды тауып, әлемге танытамыз.

Қорытындылай келсек, заман талабына сай бізде қалыспай, жоғары деңгейге жету үшін жан-жақты оқып, жаңашыл бағдарламаларды оқу процестерін қолдануымыз қажет. Оқушылардың оқуға деген ынтасын көтеріп, болашақта білімді ұрпақ өсіру біздің ен басты мақсатымыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Беркімбаев К.М., Сарыбаева Ә.Х. Электрондық оқулық – болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру құралы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. –Алматы, 2008, №4 (24). –Б.49-54.
2. Жадаев Г., Борис Г. 100% самоучитель macromediaFlashMX:– М. : ТЕХНОЛОДЖИ - 3000, 2011. — 544 с.

ӘОЖ 373.5.016:004

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫСЫ

Өтеп Айгерім Нұржанқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «6М011100-Информатика»

мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Альжанов А.К.

Информатиканы оқыту процесін сапалық басқару мәселесін қарастырғанда, оқыту мақсатына, оқыту барысындағы процесске және оқыту қорытындысына аса көңіл бөлу қажет. Оқыту процесінің сапалығы, ұйымдастырылған оқу процессіндегі оқу және білім беру қызметінің өзара қарым – қатынасынан құралады. Оқу сапасы алдымен, білім берудегі тәжірибенің жеткіліктілігі, тез қабылдағыштық, нақтылық, жүйелілік, беріктілік сияқты білім беруге тән жүйелік қалыптастыру қабілеттілігін қамтамасыздандырумен анықталады. Демек, оқыту сапалылығы, бұл – белгілі бір деңгейдің жоспарланған мақсатпен сәйкестігі, логикалық, физикалық білімнің айқын дәрежесі. Жалпы айтқанда, оқушылардың білімінің